

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 29 қарашадағы № 82/03 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Осакаров ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Transtelecom" акционерлік қоғамына Қарағанды облысы Осакаров ауданының жерлерінде орналасқан "Алматы-Астана" талшықты-оптикалық байланыс желілерін пайдалану үшін алаңы 26,4609 гектар жер учаскелеріне жер пайдаланушылардың жер учаскелерін алып қоймай, 49 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осакаров ауданының жер қатынастары бөлімі мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Руслан Есенбекұлы Нұрмұханбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Кобжанов